



МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге **2024-2025 оқу жылының аяқталуына арналған 2025 жылдың 23 мамыр күні «Білім-Отаныма» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілетіндігі туралы хабарлайды.**

Бірыңғай сынып сағаты—оқушылардың бойында білімге ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Балалардың оқудағы әрбір жетістігі—болашағымыздың іргетасын берік етіп қалаудың негізі.

Биылғы оқу жылының ресми аяқталуы жексенбі күнімен сәйкес келгендіктен, **11-сынып түлектері үшін салтанатты шара мектеп әкімшілігінің шешімімен 23-ші немесе 24-ші мамырда өткізіледі.**

Педагогикалық этика және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігіне және педагогтерге кез-келген түрдегі сыйлықтар алуға қатаң тыйым салынатынын жеткіземіз.

Сонымен қатар, мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлық ретінде қаражат жинауға тыйым салынады. Осы мақсатта ата-аналардан қаражат жинауға жол берілмейді.

Оқу жылының аяқталуына байланысты мектеп бітіруші түлектерінің, педагогтер мен ата-аналардың қатысуымен **автомобильдермен шығуға, мейрамханаларда, кафелерде және басқа да ойын-сауық мекемелерінде, тау бөктерінде өткізуге үзілді-кесілді тыйым салынатындығын ескертеміз.**

Жоғарыда айтылған тапсырмаларға сәйкес мектеп оқушылары мен ата-аналармен шұғыл жиналыс ұйымдастырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізуді, ата-аналар мен мектеп оқушыларынан қолхаттар алуды тапсырады.

Атқарылған жұмыстар туралы қорытынды ақпаратты 2025 жылдың 15 мамыр күніне дейін қосымша тіркелген кестелерге сәйкес жолдауларыңызды тапсырады.

Қосымша: 1 парақта

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы**

М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10

_____ білім беру ұйымдарында өткізілген
ата-аналар жиналысының орындалуы туралы

№	Мектеп атауы	Жалпы ата-аналар жиналысының өткізілген күні	Қатысқан ата-аналар саны	Қатыспаған ата-аналар саны	Фотоесебі 1 фото	Әлеуметтік желіге жарияланған сілтемесі

2025 жылдың 23-24 мамыр күндері оқу жылының аяқталуына орай жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық әрекеттердің алдын алу мақсатында ұйымдастырылатын күндізгі және түнгі рейдке шығатын қызметкерлер туралы

№	Мектептің атауы	Күндізгі /түнгі	Аты-жөні	Лауазымы	Ұялы телефоны (ватсап)
_____ мектебі					
1		Күндізгі			
_____ мектебі					
		Түнгі			

23-24 мамыр күндері мектеп бітіруші түлектердің қатысуымен өтетін ресми/бейресми бөлімінің өткізілуі туралы

№	Мектеп атауы	Мектеп бітірушілер саны	Салтанатты «Соңғы қоңырау» іс-шарасын өткізу күні мен уақыты	Бейресми бөлігі өткізілетін күні мен уақыты